



На территории студенческого кампуса состоялась закладка первого камня и капсулы с текстом «Обращения к потомкам» архитектурного комплекса – Триумфальной арки студентов и выпускников, монументальной композиции «Темірқазық», а также площади с фонтаном «Тайқазан».

## Триумфальная арка студентов и выпускников: ЗАКЛАДКА ПЕРВОГО КАМНЯ



Триумфальная арка отражает глубокий смысл патриотизма, расцвета и укрепления независимости Республики Казахстан. «Веками наши предки пронесли через всю свою жизнь идею независимости и приложили много усилий, чтобы Казахстан стал свободным и процветающим государством», — говорится в «Обращении к потомкам».

Студенчество КазНУ убеждено, что поколение, не помнящее своей истории, теряет все ориентиры. Выпускники Казахского национального университета им. аль-Фараби гордятся своим Alma-mater и призывают молодежь приложить усилия для развития университета и сохранения независимости страны.

Как сказал на встрече выпускников вуза, выдающийся казахстанский поэт, общественный деятель Олжас Сулейменов: «Арка — уникальный проект с оригинальной конструкцией, расположенная в главном вузе страны, вполне может оказаться одним из самых впечатляющих «интеллектуальных ориентиров» города Алматы».

Этот проект вызвал большой положительный резонанс в широких кругах выпускников, они выразили желание осуществить строительство комплекса на основе добровольных взносов, которое начнется в сентябре 2016 г.

ПРЕСС-СЛУЖБА

## БІТІРУШІЛЕР

### ШӘКІРТТІК УӘДЕ берді

ҚР Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні қарсаңында журналистика факультеті бітірушілерге диплом тапсыру және олардан шәкірттік уәде қабылдау салтанатын өткізді.

Әл-Фараби кітапханасына жиналған республикамызға белгілі журналистер мен бітірушілерге университеттің оқу ісі жөніндегі проректорының міндетін атқарушы Асқар Хикметов ректордың құттықтау сөзін жеткізді. «Шәкірттік уәдесін берген болашақ мамандар кәсібiне адал болады деген оймен осы шараны ұйымдастырып отырмыз», — деді журналистика факультетінің деканы С. Медеубекұлы кіріспе сөзінде.

Шара барысында мемлекеттік емтихан төрағалары — «Мысль» журналының бас редакторы Сейдахмет Құттықадам мен «Ақиқат» журналының бас редакторы Аманхан Әлім мемлекеттік емтихан және диплом қорғау қорытындыларына тоқталып, бітірушілердің білім деңгейіне ризашылықтарын білдірді.

Жалғасы 3-бетте

## БІЛІКТІЛІК ДИПЛОМЫ БАР ЖАСТАР ЛЕГІ ТОЛЫҚТЫ

Студенттер сарайында еліміздің жоғары оқу орындарының қара шаңырағы — ҚазҰУ-дың механика-математика факультетін 2016 жылы бітіріп жатқан түлектерге салтанатты түрде диплом табыстау рәсімі өтті. Айтулы шараға факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен бітірушілердің аяулы ата-аналары қатысты. Сондай-ақ, механика-математика факультетінің дарынды да талантты түлектерін марапаттау шарасына арнайы келген қадірлі қонақтар да болды.

Қазақстан Республикасының әнұранымен басталған жиынды факультет деканы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Бектемесов Мактағали Әбдімажитұлы құттықтау сөзбен ашты. Ол 1934 жылы негізі қаланған университет құрамындағы алғашқы екі факультеттің бірі механика-математика факультеті екендігіне назар аударып, ұжымның егеменді еліміз үшін математика, механика, информатика мамандықтары бойынша білікті кадрлар дайындаудағы ең үздігі екендігін атап өтті. Факультеттің соңғы жылдағы толағай табыстарына былайша тоқталды: «Биыл бес жүзден аса түлек ұшып шыққалы отырған факультетімізде білім алатын студенттер саны жыл сайын арта түсуде. Сондай-ақ білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламаларының саны да көбейіп, бәсекеге қабілетті мамандар дайындау жолында көптеген жана арнайы курстар ашылуда. Факультетіміздің материалдық-техникалық базасы да қарқынды даму үстінде. Студенттеріміз сапалы білім алып, математика, механика, информатика, сайт құрастыру салалары бойынша жана бағыттарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Жалғасы 8-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

ИГІЛІКТІ  
ШАРА



2-бет

ҚАЗҰУ-ҒА  
МЕДИЦИНА  
ФАКУЛЬТЕТІ КЕРЕК

4-бет



ВНИМАНИЕ,  
КОНКУРС!

6-стр.



Жақында ҚазҰУ жанындағы қазақ-корей медицина орталығында Ёнсе (Сеул қаласы) университетінің Каннам Северанс клиникасының қатысуымен қайырымдылық шарасы өтті. Аталмыш іс-шараға корей елінен келген 18 маман және ҚазҰУ-дан 16 медициналық қызметкер мен еріктілер қатысты.



Келушілердің дені профессор кардиолог Юн Ёнг Вонның кеңестеріне жүгінді. ҚазҰУ-дың медициналық орталығы барлық емделушілерге тегін электрокардиография жасады.

Корейлік әріптестер емделушілерде ауру анықталған жағдайда қолданылатын барлық керек-жарақтар: жақпа майлар, медициналық жабыстырғыштармен толық қамтамасыз етілді. Сонымен қатар кішкентай қаралушыларға дәруменді мұз көмпиттер үлестірілді.

ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті,

Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасы, корейтану бөлімі менгерушісі, профессор Ли Бёнг Джонның басшылығымен келген аудармашы студенттердің тексерудің тиімді өтуіне атсалысқандықтарын ерекше атап өткен жөн.

Осылайша, екі күн бойы жүргізілген тегін медициналық көмек пен кенеске түрлі бағыттағы алты дәрігердің қабылдауына 200-ден аса емделуші жүгінді.

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**

**■ ҚЫСҚА-НҰСҚА**

Қазақстан Республикасының спорттық туризм чемпионатының нәтижесі бойынша рекреациялық география және туризм кафедрасының оқытушылары мен ағылшын бөлімінің студенттері өз тобындағы 18 команда ішінде 2 орынға ие болды. Жүлделі орынды «Туризм» мамандығы студенттерінің оқу тәжірибесі аясында орындалған, Іле Алатауы бойынша Түрген шатқалынан Көлсай көлдеріне дейінгі оқу-жаттығу жорығы алды.

Топ жетекшісі — кафедра меңгерушісі А.М. Артемьев, қатысушылар: аға оқытушы — Е.А. Қалымбетов, студенттер — Меруерт Омар, Арайлым Қасымханова, Дана Жиенбай, Ақерке Рысбергел, Бота Жансейтова, Әсем Тұрған, Аяжан Мырзағалиева.

ҚазҰУ құрамасын құттықтаймыз және жаңа жеңістер тілейміз!

*Рекреациялық география және туризм кафедрасы*

...

**Германияның академиялық алмасу қызметі (DAAD) Алматы технологиялық университетімен (АТУ) бірлесіп Тау-Түрген демалыс үйінде неміс тілінің жазғы тіл мектебін өткізді.**

Жазғы мектепке Алматы, Қарағанды, Өскемен және Қостанай қалаларынан барлығы 21 адам қатысты. Қырғызстан мен Тәжікстаннан келген студенттер де болды. Сондай-ақ ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің студенттері Инабат Серікжанова мен Роза Омарова да жазғы мектеп жұмысына белсене араласты. Сабақтарды Алматы мен Қарағанды қалаларынан Германияның академиялық алмасу қызметі (DAAD) оқытушылары жүргізді. Олардың ішінде ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасының аға оқытушысы Так Флориан да бар.

Семинар тақырыптары грамматикадан бастап диалектіге, кәсіби тілден спорт және музыкаға дейін қамтылды. Семинарлардың интерактивті түрі шет тілін үйренудің тиімді жолын қамтамасыз етті. Бос уақытында қатысушылар шетелдіктермен сөйлесуге және қызықты байқаулар жүргізуге, презентациялар жасауға және сол арқылы өздерінің тілдік дағдыларын жақсартуға мүмкіндік алды.

*Kaznu.kz*

...

**Қазақстандағы Канада елшілігі және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті кітапханасының бірлесуімен, Қазақстанда канадалық басқару, экономикалық және әлеуметтік модельдерінің салыстырмалы зерттеулері бойынша академиялық конференция жұмысының басталғанын хабарлайды.**

Барлық студенттер мен оқытушылар және тәуелсіз зерттеушілерді байқауға қатысуға төменде көрсетілген тақырыптар бойынша құжаттар тапсыруға шақырамыз:

- Сыртқы саясат және халықаралық қауіпсіздік.

- Климаттың өзгеруі және энергетика: халықаралық және отандық саясат.

- Құлдырау және көтермелі басқарма: ресурстық бағдарланған экономиканың ақшалай кредиттік және қазыналық саясаты.

- Тұрақты даму: минералды және ауыл шаруашылығы ресурстарын пайдалану.

- Алуан түрлі әлеуметтік алып күш ретінде: плюрализм және мультикультурализм.

*Халықаралық ынтымақтастық департаменті*

**■ РЕКТОРАТ**

# ОҚЫТУШЫҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ЖОҒАРЫ

**Университетте заман талабына сай толыққанды білім беруді ұйымдастырып, білікті кадр даярлау сапасы, ең алдымен, оқытушылардың кәсіби деңгейіне тікелей тәуелді екендігі белгілі. Сондықтан да ел білімі мен ғылымының қара шаңырағы – ҚазҰУ-да оқытушы-профессорлар қауымына қойылатын талап жоғары. Бұл жайлы кешегі өткен кезекті ректорат отырысында бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев егжей-тегжей баяндады.**

Жоғары оқу орындарының бет-бейнесі болып табылатын оқытушыларды жұмысқа қабылдау ісін ҚазҰУ-дың байқау комиссиясы жан-жақты әрі мұқияттылықпен жүргізіп келеді. Оқу орны жаңа заман сұраныстарына сай жоғары білім алған жас мамандарды қолдауға, оларды оқытушылық қызметке машықтандыруға, ғылымға баулуға жіті

көңілбөлуде. Оқытушы-профессорлар бас қосқан жиында Мұхамбетқали Мырзабайұлы факультет басшылары мен кафедра меңгерушілеріне жас әрі білікті кадрларды тартудың маңыздылығын тағы да ескертті. Ол оқытушы-профессорлар құрамы және университет қызметкерлері байқауының нәтижесімен таныстыра отырып, бос қалған орындарға қайта байқау жарияланатындығын мәлімдеді.

Үміткерлерді бағалау барысында рейтинг нәтижелері, индикативті жоспар бойынша межелі көрсеткішті орындау, әлеуметтік сауалнама: «Оқытушы әріптестер көзімен», «Оқытушы студенттер көзімен», оқытушылардың кәсіби деңгейі, кафедра мен факультеттердің байқау комиссиясы шешімінің ұсыныстары, кафедралардың салалық ерекшеліктері мен қызметкерлердің жеке және айрықша еңбектері, тәртібі, Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігі нәтижелері басшылыққа алынады.

Сондай-ақ ректорат отырысында бүгінгі таңда қарқынды жұмыс істеп жатқан Қабылдау комиссиясының қызметі назардан тыс қалмады. Жауапты хатшы Жарылқасын Жаппасовтың айтуынша, комиссия бүгінгі таңда 1629 құжат қабылдаған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 400 құжатқа артық. Олардың 405-і – кешенді тестілеуге, 1095-і – байқауға, 129-ы – келісімшарт негізінде білім алуға, оның 38-і – шетелдік азаматтар тапсырған. Өз хабарламасында Жарылқасын Еркінұлы талапкерлердің факультеттер бойынша көрсеткішіне, келген аймақтарына, құрамдық сапасына кеңінен тоқталып, арнайы және шығармашылық емтихан тапсырылатын мамандықтарды атап өтті. Сонымен қатар ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне 77 шетелдік азамат құжат тапсырғандығын айта келе, талантты да талапты жастарды тарту жұмыстарын белсенді жүргізуге шақырды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН**

# ЖАПОН ТІЛІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТҚАН ШАРА



Жуырда жапон тілі бойынша жазғы мектеп болып өтті. Іс-шараға әртүрлі мектептердің 9, 10, 11 сыныптарынан 20-ға жуық оқушы белсене қатысты. Мектеп оқушылары бір апта бойы сабақтан қалмай, барша ынталарымен жапон мәдениеті мен тілін үйренуге асқан қызығушылық танытты.



өнерінің жасалу әдісін үйретті. Мектеп оқушылары уақыттарын өте қызықты әрі пайдалы өткізгендерін айтты.

Ал екінші күні базалық жапон тілі сабағы басталды. 2-курс магистранты Багина Айтбай «кана» жапон әліппесін өтті. Ониши сенсей өз елінің ұлттық ойындарымен таныстырды. Жапон университетінің PhD докторы Ерлан Ахапов жапон елі туралы, жапон елінде оқыған кезеңдері жайлы дәріс оқыды.

Сондай-ақ жазғы мектеп барысында аға

оқытушы Жанар Амантай базалық шығыс тілін өткізді. «Катакана» әліппесінің қыр-сырларымен таныстырып, жазылу ретін көрсетті. Ониши сенсей «каллиграфия» өнерімен таныстырды. Оқушыларға өз аттарын иероглифпен жазғызып, көп жаттығулар жасатты. Сонымен қатар, тарих ғылымдарының кандидаты Ләйлә Тұлтайқызы жапон елі тарихынан хабардар етті. Аға оқытушы Ақмарал Тоққарина болса, базалық жапон тілін өткізді. Ақмарал сенсей жапон тілінде амандасу,

өз есімін жапон тілінде дұрыс айту, жалпы ауыз екі тілдің ерекшеліктерімен таныстырып, жапон тілін меңгеруді енді бастаған оқушыларға арналған жапон тілінде фильм көрсетті. Ониши сенсей бұл күні жапон елінің көне бай тарихы бар «шәй рәсімі» туралы баяндап, шынайы рәсім өткізді.

Шараның соңғы күні базалық жапон тілі сабағын Цукуба университетінің докторы такаши Ниномия сенсей өткізді. Ниномия сенсей тұрмыста жиі қолданылатын иероглифтердің жазылу реті мен мағынасын түсіндірді. Бұл күннің ең қызықты іс-шарасы Ониши сенсей, Ниномия сенсей, Ләйлә Нүрсейітова сенсей Жапон елінің ұлттық тағамы «онигириді» жасап көрсетті. Ниномия сенсейдің шақыруымен Цукуба, Сайтама, Токио шет тілдер университетінің студенттері қонақ ретінде келіп, жапон тілінде өздерін таныстырып, өз оқулары жайлы айтып берді. Жазғы мектеп оқушылар үшін өте қызықты өтті. Жоспарланған барлық күндер сәтті өткізіліп, ұйымдастырушылар оқушылардың ризашылығына бөленді.

ҚИЫР ШЫҒЫС КАФЕДРАСЫ

Бәсекеге қабілетті маман даярлауда алғашқы қадамдардың бірі теориялық білімін тәжірибелік тұрғыда көрсетуге мүмкіндік беретін өндірістік оқу тәжірибелері болып саналады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегіндегі: «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылығы, қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, халық тарихын түсініп білу әрбір адамның өз басындағы сізім-түйсікпен астасып отырған» деген сөздері мәдени категорияларды қалыптастыруға көмектеседі.

## МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

Бүгінгі таңда мамандық таңдау күрделі үрдіс болып табылады. Осы ретте көне жәдігерлерімізді зерттеумен, әртүрлі халықтардың шығу тегі, дәстүр-салты мен музейде ақпараттық танымдық экскурсия жүргізу т.б істермен айналысу өте қызық екенін айтқым келеді. Археология, этнология және музеология кафедрасы республика бойынша ең алдыңғы қатардағы археолог, этнолог және музей ісі мамандарын дайындау арқылы танымал. Білікті де білімді ұстаздар дәріс беруінің нәтижесінде жыл сайын көптеген мамандар өмірден өз орнын табуда. Кафедра Ғылым ордасымен, ҚР Орталық мемлекеттік мұражайымен, Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайымен т.б. мемлекеттік мекемелермен студенттердің тәжірибеден өтуі, жұмыспен қамтылуы бағытында тығыз жұмыс істейді.

Мұражай жәдігерлері ұлттық тарихтың дерегі, мемлекеттік қамқорлықтағы тарихи-мәдени ескерткіш болып табылады. Ондағы мұралар ұлттық тарихымызды дәріптеуде, болашақ ұрпақ тәрбиелеуде ерекше міндет атқарады.

Г.А. МЕЙРМАНОВА,  
т.ғ.к., аға оқытушы

## Бітірушілер ШӘКІРТТІК УӘДЕ берді

Жалғасы. Басы 1-бетте

Сондай-ақ шара аясында ҚР Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай, университет қызметін насихаттауға белсене атсалысып келе жатқан әріптестерді «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелік медалімен марапаттау рәсіміне ұласты. Атап айтқанда, «Алатау» баспасының директоры Ырым Кененбаев, «Түркістан» халықаралық апталығының халықаралық шолушысы Нәзия Жоямергенқызы, сондай-ақ университеттің ерекше еңбегімен көрінген ұстаздары осы медальмен және ректордың алғыс хатымен марапатталды. Келесі кезекте Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев бірқатар БАҚ өкілдеріне академияның дипломын тапсырды.



Университет түлектері шараға арнайы шақырылған қонақтардың – Президент әкімшілігінің Баспасөз қызметі

Алматы бөлімінің бастығы Валерий Жандаулетовтің, Мәжіліс депутаты Артур Платоновтың, «Қазақ газеттері» ЖШС президенті Жұмабек Кенжалиннің, «Қазақ радиосы» Алматы филиалының бас редакторы Мұрат Мұқаштың, «Свобода слова» газетінің бас редакторы Жанна Ойшыбаеваның, «Қазақстан» ТРК продюсері Жаңыл Асылбекованың, «Гүлстан» журналының бас редакторы Батима Қабдолданованың және тағы басқа құрметті қонақтар қолынан диплом ала отырып, кәсіби қызмет әдебіне адал екендіктерін іс барысында жоғары жетістіктермен дәлелдеуге уәде берді. Салтанатты шара концерттік бағдарлама мен бітірушілердің өсем биіне ұласты.

Назгүл ШЫҒЫСОВА

В Казахстанско-корейском медицинском центре при КазНУ состоялась благотворительная акция, проведенная совместно с клиникой Каннам Северанс университета Ёнсе (Сеул)

# Жанна ҚАЛМАТАЕВА: ҚАЗҰУ-ҒА МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ КЕРЕК

**Биыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі (ҚДСМ) медициналық факультеті ашылды. ҚДСМ — ҚазҰУ-дағы он бесінші факультет. Жаңа факультеттің мақсаты не? Не үшін қажет? Білім ошағы туралы факультет деканы Жанна Қалматаева Амантайқызы толығырақ әңгімелеп берді.**

**— ҚазҰУ-да медициналық факультет ашудың маңыздылығы қандай?**

— Қазақстанда түрлі саладағы дәрігерлерді даярлайтын 5-тен аса жоғары оқу орындары бар. Бірақ елімізді біліктілігі жоғары дәрігер мамандармен қамтамасыз ету қажеттілігі әлі де өзекті. Негізінде, халықаралық деңгейдегі көп салалы барлық университетте медициналық факультеттің ашылуы — қалыптасқан тренд. Шетел тәжірибесі көрсеткеніндей, QS, THE рейтингіндегі университеттердің бәрінде медициналық факультет бар. Әлемдік деңгейдегі ЖОО-лардың бірі ретінде ҚазҰУ-да да осындай факультеттің ашылуы қалыптасты. Біздің университет әлемдік үздік жоғары оқу орындарының қатарына кіреді. Сондықтан да бір межеде тоқтап қалмай, халықаралық стандарттармен қатар жүріп отырған дұрыс деп ойлаймын.

**— Бұл факультетті ашу қалай жүзеге асырылды?**

— Медициналық факультет ашу идеясы ұзақ уақыттан бері жоспарланған. 1995 жылы биологиялық факультет негізінде «Медико-биологиялық іс» мамандығы бойынша мамандарды даярлау

басталды. Бұл саладағы мамандарға деген қажеттілік Қазақстанда әлі де өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта барлық жерде емдеу және диагностикалаудың инновациялық әдістері енгізілген. Замануи медициналық құрал-жабдықтар пайдаланылады. Бізге де осы бағытта дамыту қажет. ҚазҰУ-дағы медициналық бағытта басты әріптестеріміз Оңтүстік Кореядағы Сеул және Еңсе университеттері. Бұл ЖОО-лар денсаулық сақтау саласында жетекші орындағы университеттер. Біздегі медициналық факультеттің білім беру бағдарламасы да Оңтүстік Корея университеттеріндегі бағдарламаға негізделіп құрастырылған.

**— Оңтүстік корейлік мамандармен бірігетін медициналық биологиялық кластер қандай бағытта жұмыс істейді? Сіз айтқан биомедицина бізге қаншалықты қажет? Қаншалықты дамыған?**

— Қазіргі уақытта ҚазҰУ негізінде медико-биологиялық кластер тағайындалып жатыр. Бұл кластердің өзі ғылыми-зерттеу және клиникалық диагностикалық білім беру үрдістерін қатар алып жүреді. Биомедицина биологиялық және табиғи танымның басқа да принциптерін



клиникалық тәжірибе саласында қолданады. Сондай-ақ биологиялық аралас аумақтарда денсаулыққа қатысты басқа да салаларды қамтуы мүмкін. Биомедицина биология, химия және физикадан әдістерді қолдана отырып, физиологиялық үрдістерді де зерттейді. ҚазҰУ-дың қазіргі зор мүмкіндіктерін ескерсек, биомедицинаны ғылым ретінде дамытуға дәл осы алаңда үлкен мүмкіндіктер бар.

**— Қазір факультетке қанша студент қабылданды? Қандай мамандықтар бар?**

— Қазір факультет медико-профилактикалық іс және қоғамдық денсаулық сақтау бойынша мамандар даярлайды. Бакалавриат бойынша 1-курста 30 адам, 2-курста 5 адам, магистратура бойынша 1-курста 6 адам оқиды. Жаңа оқу жылынан бастап «Жалпы медицина» мамандығын және, клиникалық мамандықтар бойынша клиникалық резидентура саласын ашу жоспарланып отыр. Талапкерлер жалпы ереже бойынша магистратура мен докторантураға да түсе алады. Яғни емтиханды екі кезең бойынша тапсырады: шет тілі және профильдік пән тапсыру. Осы жылы шетел студенттерін қабылдау жоспарға алынып отыр.

**— Қазір ЖОО-лардағы кәсіби мамандарды дайындауға қатысты жағдайдың сын көтермейтіндігі рас. Жаңа факультеттегі оқытушылар базасы қандай болады? Теория мен тәжірибені қатар ұштастыру қалай жүзеге асырылады?**

— Біздің факультет құрамында қоғамдық денсаулық сақтау саласының, оның ішінде эпидемиология және гигиена кафедрасы, биостатистика, әлеуметтік ғылымдар кафедраларының жетекші сараптамашылары мен мамандары бар. Шетелдің университеттерінен де арнайы мамандар шақыртамыз. Тәжірибе үшін университет ішінен клиникалық-диагностикалық орталық ашылған. Бұл орталық қазіргі заманның талаптарына сай заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ғылыми зерттеу институттары және ғылыми орталықтармен, зертханалық компаниялармен бекіткен келісімшарттарымыз бар. Студенттеріміздің тәжірибесін ұштауға барлық мүмкіндіктер берілген.

**— Ал бұл мамандықты бітірген студенттер қандай орындарда жұмыс істей алады?**

— Бітіруші түлектеріміз қоғамдық денсаулық сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет саласында, ғылыми-зерттеу орталықтарында, денсаулық сақтау саласында менеджер ретінде жұмыс істей алады. Түлектер өздерінің кәсіби қызметін қоғамдық денсаулық сақтау саласымен байланыстырған жағдайда «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығына магистратураға түсе алады. Біздегі оқыту үш тілде жүргізіледі.

**— Денсаулық сақтау саласы жиі сынға алынып жатады. Жүйеге үлкен өзгеріс керек дегенімен, түбі, оқыту жүйесін жаңаландыру қажеттігін көреміз. Білім беру процесін жақсарту қалай жүзеге асырылады?**

— Халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейтін, әсіресе халық көмекті қажет ететін кез келген сала қоғамның жауабына өте сезімтал. Менің субъективті пікірім бойынша, халықтың денсаулық сақтау жүйесін, соның ішінде, денсаулық сақтаудағы білім беру жүйесін бағалауы қанағаттанарлық деңгейде. Бірақ жиі сынға ұшырайтындығын да жоққа шығаруға болмайды. Бізге науқаспен қарым-қатынас орнатып қана қоймай, олардың тарапынан денсаулық сақтау жүйесінің сапасы қандай болу керектігін де анықтап алу керек. Қазіргі оқыту процесі үшін мұның маңызы зор. Жалпы қазіргі оқыту процесі жана амал-тәсілдерді қолдану, мамандар қорын дұрыс бөлу және денсаулық сақтау саласын сапалы ақпараттармен қамту қажет етеді. Осы мәселелерді қолға алу керек.

**— Факультеттің өзінде базалық білім беруден бөлек, қандай да бір жаңа жобалар бар ма?**

— ҚДСМ академиялық бағдарламаларынан басқа, аралас мамандықтағы денсаулық сақтау саласы мамандарының кәсіби біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау бағдарламаларын іске асыра бастайды. 80-нен астам курстар мен денсаулық сақтаудың саясаты және ұйымдастыру, денсаулықты сақтау және нығайту, эпидемиология және гигиена, тұтынушылар құқығын қорғау, биостатистика және дәлелді медицина, спорттық медицина, денсаулық сақтаудағы корпоративтік басқару бойынша шеберлік сыныптарын өткіземіз.

*Сұхбаттасқан  
Жұлдыз ЕРІК,  
«7 күн» тілшісі*



**Студенттік кампус аумағында Студенттер мен түлектер триумфалды қақпасының алғашқы іргетасы қаланды**

# У каждого есть свой ШАНСОМЕТР

**В качестве эксперта научного клуба студентов «Эксперт» была приглашена «Лучший преподаватель вуза», доцент кафедры социологии и социальной работы КазНУ Мира Маульшариф, которая много времени стажировалась в европейских и азиатских университетах.**

привлекательным для них. Иностранцы социологи, приезжающие на стажировку утверждают, что удивлены жизнью и бытом казахов, они обогатили свои знания не только по русской, но и казахской культуре. В университете предоставляется полная информация, и это мне дает стимул как шанс развиваться дальше», — говорит эксперт, — «и это шанс, мой шансометр. При выборе университета я руководствовалась результатом рейтинговых агентств. КазНУ лидирует среди вузов по научно-технологическому и инновационному потенциалу. И нам нравится наш кампус. Понравилась технология в процессе преподавания, особенно критического мышления, сотрудничества и эвристические. Вот элементы нашего шанса: инновационные методы обучения, особенно личного примера, дискуссии, ориентированный на код, думай, слушай, предлагай, кластера, размышлений, самооценки и саморефлексии».

Стимулами для реализации мечты студентов является меритократия, которая имеет элитарную, консьюмеристскую или маркетинговую концепции образования. Здесь практикуются университетские, исследовательские, интеллектуальные и инновационные университеты. При этом на занятиях отражены новейшие теории социологии образования, такие как взаимодействия, репродукции кодов и соприкосновения.

Сегодня КазНУ — крупнейший университет на постсоветском пространстве. В последние годы усилиями всего нашего дружного коллектива университет становится узнаваемым в мировом научном сообществе, входит в топ-300 лучших вузов мира и в число 50 технологически развитых университетов. Есть возможности для реализации программы подготовки высококвалифицированных специалистов для приоритетных отраслей индустрии в рамках госпрограммы индустриально-инновационного развития, ведутся научные исследования по фундаментальным и прикладным направлениям в сотнях различных областей. Выступившие считают, что есть полная возможность для

реализации предоставленного нам данного шанса. Наш университет сегодня — это ведущий вуз СНГ первый по рейтингам в Казахстане, 275-й среди 800 лучших университетов мира.

Шанс — это условия для реализации своего таланта, способностей, однако не каждый воспользуется этой возможностью, не у каждого есть шансометр. В университете реализуются современные концепции высшего образования. «Шанс реализуется не только талантом, но прежде всего трудом. Если человек трудится, он будет тем, кем он хочет», — так заявил когда-то Чарли Чаплин.

Нашим молодым социологам надо научиться вести социологические исследования по таким вопросам как: я ловлю каждый шанс — любая подвернувшаяся возможность может стать тем самым лоторейным билетом. Да, я еще в них верю; у моей мечты есть конкретное имя, цифра, название, запах и даже фотка; уверен в том, что перегибать палку не надо: выше головы не прыгнешь, а поворачиваться на мечте — все равно что отказаться от реальной жизни. А она вообще-то такая интересная; у меня есть личные мотиваторы: люди, у которых все получилось. Их немало в КазНУ. И друзья, которые готовы составить клуб, советчиков — если понадобится.

Шансометрия — это жесткий принцип работы кадров. Это власть профессионалов, компетентных людей, социцентричных, образованных, мобильных, гармоничных, надеющегося на себя, конкурентоспособных людей. Именно тогда будет реализован шанс.

Каждый человек выбирает свой путь, по которому идет всю жизнь. Путь социолога — это сознательный выбор. Дело, которым он занимается, — самое важное в мире, оно требует полной самоотдачи, душевной щедрости, любви. И основными профессиональными заповедями социолога-педагога являются следующие: «пойми внутренний мир студента» и «помоги ему научиться управлять своей мечтой».

Роль социолога сегодня значительно возрастает: перед ним стоит задача не просто дать знания, понимание, но

применение этих знаний на анализ, синтез и оценивание. И помочь молодому человеку раскрыть в себе творческие возможности, способности. Молодежь нуждается в живом, чувствующем, понимающем педагоге, который должен уметь быть интересен своим студентам.

Нравственность, моральные нормы педагога, которыми он руководствуется в жизни и в своей профессиональной деятельности, отношения к труду, к студентам, коллегам — все это имеет первостепенное значение для знания жизненных проблем своих воспитанников.

Использованию шансов дает к выводу о том, что педагоги и студенты равны: каждая встреча со студентами открывает педагогу что-то новое в понимании своей профессии». Поэтому каждому преподавателю в своей работе можно порекомендовать придерживаться следующих правил: поощрять самостоятельность студентов, быть им верным спутником в процессе учебы; не стараться изменить мир вокруг себя, а прежде — изменить себя, и тогда изменится мир.

Каждый преподаватель социологии должен сердцем прочувствовать и принять, что воспитывать любовь следует любовью, добро — добром, и применять только позитивные методы, воспитывая на хороших примерах, отказываясь от негативных мышлений. Тогда мечта реализуется.

Заведующая кафедрой Г.С. Абдирайымова подводя итоги клуба подчеркнула, что зыбкость термина «шансометр» всегда доставляла немало проблем тем, кто решил заняться изучением этого эмоционального феномена вплотную. Поэтому многие исследователи едины во мнении: шанс — это состояние, которое можно охарактеризовать как «субъективное благополучие», шанс можно ощущать по-разному и способы создать свой шансометр вполне просты. Она поблагодарила эксперта за благородные идеи.

**К.У. БИЕКЕНОВ,**  
д. соц.н., профессор  
кафедры социологии и  
социальной работы

**А вы когда-нибудь задумывались, что такое танец? Ведь это не просто движения под музыку, танец — это целое искусство. Искусство самовыражения, передачи чувств и эмоций. Танцор не просто показывает движения, он рассказывает историю, которую зрители понимают, не услышав ни слова.**

## ТАНЦЫ — ЭТО ЖИЗНЬ



когда тренировки прекращались на время, я включала музыку и начинала тренироваться самостоятельно. Маме очень нравилось, что у меня появилось такое увлечение, поэтому она меня во всем поддерживала. Я участвовала во многих соревнованиях: от районных до международных конкурсов.

После того, как я стала выпускницей танцевального коллектива и закончила обучение в школе, я уехала из дома. В городе Алматы я поступила в КазНУ. Но танцевать я не переставала. Здесь я нашла себе новый и

дружеский коллектив — балет «Бахыт». Они стали мне одними из самых любимых и дорогих мне людей. Здесь я познакомилась с очень трудолюбивым, харизматичным хореографом и заслуженным деятелем РК. Галиной Асангазиевой. Она пример для подражания, во время танца отдает всю свою душу, чтобы танец вышел оригинальным, несмотря на свои травмы и возраст.

Танцевальный зал — второй дом, где нас встречает мудрый наставник. Каждая тренировка даёт уверенность и стремление к

цели. В танцевальном зале мы нашли лучших друзей — бесценный клад, а может быть, кто-то первую любовь... Мы терпим боль, плачем из-за неудач, волнуемся перед выходом на сцену, с замиранием сердца ждем оценок жюри, но только в танце мы находим покой, отдыхаем душой. В каждом движении танцора говорит его душа, происходит общение между танцорами — разговор душ.

Для некоторых танцы — это карьера, для других — хобби, а кто-то живет танцами. В танце и в жизни есть много сравнений. Если занимаешься добросовестно и не пропускаешь занятия, то из тебя вырастет отличный танцор. Так же и в жизни: если ты хороший человек, никого не обманываешь, не живешь ради выгоды, то из тебя вырастет отличный друг и товарищ. А если совместить танцы и жизнь, то получится нечто грандиозное. Ведь если ты предан своему делу, то и плоды будут жизненного масштаба.

Советую тем, кому еще не удалось найти себя, заняться именно танцами, ведь они дарят человеку крылья, и через время ты уже начинаешь замечать, что не передвигаешься, а паришь на сцене. Еще хотела дополнить, что танцы укрепляют здоровье. Ведь, по мнению многих врачей, чтобы достичь крепкого здоровья нужно двигаться. А в танце каждая мысль основана на движении. Движение — это жизнь. Так же с уверенностью могу утверждать, что танцы — это жизнь.

**Акжан БЕКЕЖАНОВА,**  
студентка факультета географии и  
природопользования

# ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!!!

Казахский национальный университет имени аль-Фараби объявляет конкурс на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава и работников

## ФАКУЛЬТЕТ БИОЛОГИИ И БИОТЕХНОЛОГИИ – 9

1. Кафедра биоразнообразия и биоресурсов: профессор – 1; доцент – 2.
2. Кафедра биотехнологии: профессор – 2; доцент – 1.
3. Кафедра биофизики и биомедицины: профессор – 1; доцент – 1;
4. Кафедра молекулярной биологии и генетики: профессор – 1;

## ФАКУЛЬТЕТ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ – 7

1. Кафедра ТЮРКСОЙ: доцент – 3;
2. Кафедра Дальнего Востока: старший преподаватель – 1.
3. Кафедра китаеведения: профессор – 1; доцент – 1;
4. Кафедра Ближнего Востока и Южной Азии: доцент – 1.

## ФАКУЛЬТЕТ ГЕОГРАФИИ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ – 6

1. Кафедра географии, землеустройства и кадастра: профессор – 1;
2. Кафедра картографии и геоинформатики: старший преподаватель – 1.
3. Кафедра метеорологии и гидрологии: профессор – 1; доцент – 1.
4. Кафедра рекреационной географии и туризма: профессор – 1; доцент – 1

## ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ – 7

1. Кафедра археологии, этнологии и музеологии: доцент – 1; старший преподаватель – 1.
2. Кафедра всемирной истории, историографии и источниковедения: доцент – 2; преподаватель – 1.
3. Кафедра истории Казахстана: профессор – 1; доцент – 1.

## ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ – 6

1. Декан – 1
2. Кафедра международных отношений и мировой экономики: профессор – 1; доцент – 1.
3. Кафедра международного права: профессор – 1 (со знанием иностранного языка); доцент – 2 (со знанием иностранного языка).

## ФАКУЛЬТЕТ ЖУРНАЛИСТИКИ – 10

1. Кафедра издательско-редакторского и дизайнерского искусства: доцент – 1; старший преподаватель – 1.
2. Кафедра печати электронных средств массовой информации: профессор – 1; доцент – 1;
3. Кафедра ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе: доцент – 3 (со знанием иностранного языка); старший преподаватель – 3 (со знанием иностранного языка).

## МЕХАНИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ – 22

1. Кафедра механики: профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 4.
2. Кафедра дифференциальных уравнений и теории управления: профессор – 2; доцент – 1.

3. Кафедра информатики: профессор – 2; доцент – 2.

4. Кафедра фундаментальной математики: профессор – 2; доцент – 1; старший преподаватель – 1;

5. Кафедра математического и компьютерного моделирования: профессор – 1; доцент – 1;

6. Кафедра информационных систем: профессор – 2; доцент – 1.

## ФИЗИКО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ – 11

1. Кафедра физики плазмы и компьютерной физики: доцент – 2.

2. Кафедра физики твердого тела и нелинейной физики: профессор – 1; доцент – 2;

3. Кафедра теоретической и ядерной физики: профессор – 1; доцент – 2;

4. Кафедра теплофизики и технической физики: профессор – 1; доцент – 2.

## ФАКУЛЬТЕТ ХИМИИ И

### ХИМИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ – 13

1. Кафедра общей и неорганической химии: профессор – 1.

2. Кафедра физхимии, катализа и нефтехимии: профессор – 1; доцент – 2.

3. Кафедра химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров: профессор – 1; доцент – 2.

4. Кафедра химической физики и материаловедения: профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 1.

5. Кафедра аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов: профессор – 1; доцент – 2;

## ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОЛОГИИ И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ – 15

1. Кафедра казахского языкознания: профессор – 1; доцент – 2;

2. Кафедра иностранной филологии и переводческого дела: профессор – 1; доцент – 2;

3. Кафедра казахской литературы и теории литературы: профессор – 1; старший преподаватель – 1 (литератор со знанием английского языка).

4. Кафедра общего языкознания и европейских языков: профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 1.

5. Кафедра иностранного языка: доцент – 1.

6. Кафедра русской филологии и мировой литературы: профессор – 1 (со знанием иностранного языка); доцент – 2 (со знанием иностранного языка).

## ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ – 15

1. Кафедра педагогики и образовательного менеджмента: профессор – 1; доцент – 1;

2. Кафедра общей и прикладной психологии: старший преподаватель – 2.

3. Кафедра религиоведения и культурологии: профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 1;

4. Кафедра социологии и социальной работы: старший преподаватель – 2.

5. Кафедра политологии и политических

- технологий: профессор – 1; доцент – 1;

6. Кафедра философии: профессор – 1; доцент – 2; старший преподаватель – 1.

## ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ – 6

1. Кафедра гражданского права, гражданского процесса и трудового права: профессор – 1, доцент – 1.

2. Кафедра уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: профессор – 1, доцент – 1.

3. Кафедра теории и истории государства и права, конституционного и административного права: профессор – 1; доцент – 1.

## ВЫСШАЯ ШКОЛА ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА – 18

1. Кафедра экономики: заведующий кафедрой – 1; профессор – 1; доцент – 1.

2. Кафедра учета и аудита: заведующий кафедрой – 1; профессор – 1; доцент – 3.

3. Кафедра финансы: заведующий кафедрой – 1.

4. Кафедра менеджмента и маркетинга: заведующий кафедрой – 1; профессор – 2; доцент – 2; старший преподаватель – 4 (с ученой степенью).

## МЕДИЦИНСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ– ВЫСШАЯ ШКОЛА ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ – 11

1. Декан – 1

2. Кафедра биостатистики и доказательной медицины: заведующий кафедрой – 1; профессор – 1; доцент – 2.

3. Кафедра эпидемиологии и гигиены: заведующий кафедрой – 1; профессор – 1; доцент – 1; старший преподаватель – 1.

4. Кафедра политики и организации здравоохранения: старший преподаватель – 2.

## ФАКУЛЬТЕТ ДОВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ - 3

1. Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев: профессор – 1; доцент – 1.

2. Кафедра довузовской подготовки: доцент – 1.

## Библиотека Аль-Фараби – 1

1. Библиограф: единица (со знанием английского языка)  
Всего: 160

## СРОК ПРИЕМА ДОКУМЕНТОВ ДО 20 АВГУСТА 2016 ГОДА ВКЛЮЧИТЕЛЬНО ПЕРЕЧЕНЬ НЕОБХОДИМЫХ ДОКУМЕНТОВ:

1. Заявление на имя ректора университета;
2. Личный листок по учету кадров;
3. Автобиография;
4. Нотариально заверенные копии дипломов о высшем образовании, академической и ученой степени;
5. Аттестат о наличии ученого звания;
6. Список научных работ и изобретений (при наличии);
7. Анкета;
8. Характеристика с последнего места работы;

9. Копии сертификатов о переподготовке и повышении квалификации (при наличии);

10. Личная медицинская книжка (медицинская справка формы №086) и снимок флюорографии.

11. Справка о результатах тестирования на знание Академической политики КазНУ имени аль-Фараби ([www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz)).

## ТРЕБОВАНИЯ, ПРЕДЪЯВЛЯЕМЫЕ К УЧАСТНИКАМ КОНКУРСА:

- 1) Обязательное знание и соблюдение Кодекса корпоративной культуры преподавателя и сотрудника КазНУ им. аль-Фараби;

- 2) Наличие ученой степени и звания;

- 3) Опыт работы в научно-образовательной организации;

- 4) Учебно-методические труды (изданные по рекомендации РУМС МОН РК, в известных отечественных и зарубежных изданиях);

- 5) Активное участие в научных исследованиях и/или международных проектах;

- 6) Знание иностранного языка (обязательное требование предъявляется к участникам конкурса, претендующим на занятие вакантных должностей языковых кафедр).


- 7) Наличие публикаций в изданиях, рекомендованных МОН РК, в международных научных журналах, входящих в информационные базы Thomson Reuters и Scopus.

- 8) Соответствие интересов научных исследований тем областям и дисциплинам, перечень которых закреплен за вакантными должностями, указанные на официальном сайте университета в разделе «Быстрые ссылки /Конкурс на вакансии ППС» - <http://www.kaznu.kz/ru/17937/page>

Документы принимаются по адресу:  
г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, КазНУ,  
ректорат (каб. №703, 704),  
с. 9.00. до 18.00ч.

(Управление кадровой и  
архивной работы).

Телефоны для справок:  
8 (727) 377 35 35, 377 33 30  
(вн. 11-71, 11-73),  
факс – 377 33 44.





**Арман ҚҰДАЙБЕРГЕН**

1995 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданында дүниеге келген. 2012 жылы мектепті үздік бітіріп, арман құрып Алматыға ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне оқуға түседі. Кішкентайынан қалам мен қойын дәптерді жанына серік еткен жас қарбалас тірліктен қолы сәл босай қалса, өлең жазуды әдетке айналдырған. Арманның студенттік кезінде жазылған жырларынан өзіндік қолтаңбасын байқауға болады. Жас ақынның әдебиет әлеміне қосқан алғашқы жырлары жастық леп пен көркем шындыққа толы. Биыл Арман журналистика факультетін үздік бітіріп шықты.

**МЕН КІММІН?**

Мен біреуді сүйемін, біреу мені, Ұнатады сыртымнан біреулері. Жұдырықтай жұпыны жүрегіме, Біреу кетіп жүреді, біреу келіп.

Біреулерге ақынмын арындаған, Енді бірі пенде деп қабылдаған. Біреулердің жанынан шықпағанмен, Біреулерге іздеп те табылмаған.

Біреулерге арзанмын, қымбаттауым, Қажеті жоқ арзандап қымбаттаудын. Біреулерге төмен боп көрінгенмен, Біреулерге биікпін, сұңғақ тауым.

Ұнатады, біреулер жек көреді, Сыйлайды, енді бірі кектенеді. Күйінемін, ол дағы дұрыс шығар, Біреулерде есемнің кетпегені.

Біреуге қас болғанмен, бірдің досы, Көтерілмей қойғанмен көңіл қошы. Енді бірде арнасынан асып тұрар, Мендік ғұмыр, оқырман, міне, осы.

Мен біреудің баласы, біреу менің, Солар менің сүйеніш тіреулерім. Он сегіз жыл өмірге келгеніме, Айта алмаймын әзірге біреуге мін.

Соныменен... Мен кіммін?  
Мен – Арманмын,  
Күтіп тұр ғой талай соқпақ алдан мың.  
Жақсылар мен жолығармын жаманға,  
Іштей соның барлығына камдандым.

Мен – Арманмын...  
Келер оны жар салғым.  
Болашақты іштей болжап тамсандым.  
Жана ғасыр, жана ғұмыр, жана жыл,  
Арманыңды құшақ жайып қарсы алғым...

P.S. Ей, тағдырым, тура болғын, бол теріс,  
Дөң мен сай бол, мейлі еркін бол тегіс.  
Тыныш заман, денім аман боп тұрса,  
Әкелермін мен өзіне төңкеріс.

**ЕРКІҢЕ СЕНІҢ, ДЕРТІҢЕ СЕНІҢ ҚАРАЙ МА?**

Еркіне сенің, дертіңе сенің қарай ма?  
Мұң менен шаттық, сыйлаған қазір талайға,  
Махаббат жайлы айтатын болсам, мұң ғой мұң,  
Ғашығына жете алмай кеткен Абай да.

Еркіне сенің, дертіңе сенің қарай ма?  
Қарату керек, осыны, досым, қалайда.  
Шын менен жалған қашанда қатар жүреді,  
Алданып қалма, сақ болғын, досым, абайла.

Еркіне сенің, дертіңе сенің қарай ма?  
Ғашығың сені Ай менен Күн деп санай ма?  
Бағалап оны жетпейтін болсаң кәдіріне,  
Көңілі қалып кетеді сенен алайда.

Еркіне сенің, дертіңе сенің қарай ма?  
Болсаң да патша, отырар әркез сарайда.  
Мейірімділік бойында сезім болмаса,  
Құлдарың сені патшаға өзі балай ма?

Еркіне сенің, дертіңе сенің қарай ма?  
Шаттық пен мұң, сыйлаған қазір талайға.  
Махаббат жайлы шынайы сөзді бастасақ,  
Тоғжанына қосыла алмаған Абайда.

Еркіне сенің, дертіңе сенің қарай ма?  
Жел есіп жатар еркелеп келіп самайға.  
Шынайы сезім бойында болса, егерде,  
Бағалап әркез, жүріндер, достар, жарай ма?!

**...ҮЗДІГҮ**

Таба алмай мені жүр ме деп,  
Қараймын торып жолына.  
Жаратқан берсе бір көмек  
Жарығым, тисем қолыңа.

Батпай да тұрсын мына Күн,  
Атпай да тұрсын бұла Күн.  
Қақ байлап жерге межелі,  
Жатқандай келмей мұратым.

Болмаса арман, несі үміт?!  
Есіріп бәрін кешіріп.  
Кезікпек болып келістік,  
Ал өзі жатыр кешігіп.

Уақытым босқа өткізбей,  
Жазамын өлең көп тізбей.  
Шарапханама қалқамды,  
Жаратқан аман жеткізгей!

**АҚЖАЙЫҚТЫҢ ХАНШАСЫ...**

Тәтті ме едің?!  
Сен сондай тәтті де едің,  
Мойыңа оралып ақ білегің.  
Шашың көрге, мен ерке сығаладым,  
Қасыңды көлегейлеп жатты менің.

Арман ба едің?!  
Сен сондай арман да едің,  
Жаһандағы жан едің жаннан керім.  
Нәзіктігің қылындай кірпігіңнің,  
Әлсіздігің бастауы бар бәленің.

Періште ме ең?!  
Сен...  
Сен...  
Сен...  
Періште едің,  
Көріскенім тағдырдан, өбіскенім  
өзімнен.  
Бәрі-бәрі өзімізден,  
Бал шарабын бақыттың неге ішпедім?!  
Бал шарабын бақыттың неге ішпедің?!

Сезім бе едің?!  
Сен сондай сезім де едің,  
Бойыңнан мін таппадым.  
Көзінде – Күн.  
Кете алмадың баз кешіп, кете алмадың,  
Баз кешудің таппадым өзім жолың.

«Көктем ғой» деп жүруші ем,  
Күз де ме едің?  
Ізлегенім үмітім үзбегенім.  
Көздегенім болады өз дегенім,  
Қандай қиын халымды сезбегенім?!

Қандай едің?!  
Болмағай қиын халың!  
Қандай едің?!  
Ұйқымды жиі ұрладың.  
Ақ Жайықтан көрінді аппақ сағым,  
Ақ Жайықтың ханшасы бұйырмалын...  
Мен болғанмен серісі жиырманың...

**КЕТЕР ДЕЙСІҢ НЕМ МЕНІҢ?!**

Мені біреу «жаман» десе...  
Сенбегін,  
Сенсең мейлін, кетер дейсің нем менің.  
Көрсем деймін көзімменен, болмаса,  
Мен сенбеймін сөздеріне пенденің.

Мені біреу «жақсы» десе...  
Сенбегін,  
Сенсең мейлін, кетер дейсің нем менің.  
Адалдықты ардақтайтын адаммын,  
Пенделікті ұнатпайтын пендемің.

Еленер ме, еленбес пе еңбегім?!  
Таразының екі басын теңдедім.  
Көзімнен көр, көр де ұққын сырымды,  
Тым болмаса жырымды оқы, сен менің.

Көз ашқалы күн менен түн көргенім,  
Өлсе өлең менің дағы өлгенім.  
Арман жайлы сөз айтылса сене бер,  
Кетер дейсің нем менің?!...

**ДАРИҒАМ-АЙ, ТІЛ ЖЕТПЕЙТІН БАҒАЛЫМ**

Дариғам-ай, тіл жетпейтін бағалым,  
Бұзып өттің сұлулардың қамалын.  
Мені өзіне елітеді ес-түссіз,  
Құралайым мөлтілдеген жанарым.

Айналшықтап жүргендейін Жер Күнді,  
Сүйіп қалдым, О, Құдай-ау, мен кімді?!  
Бар тәттінің тәттісі деп түйдім мен,  
Сүйген кезде балдан тәтті ернілді.

Өртейтұғын өн бойымды өрт едің,  
Сеніменен елестейді ертенім.  
Өзгесінің жөні бөлек, мен сенің  
Мейіріміне құштармын... Көркемім...

**БАР СҰЛУДАН ДА ӘДЕМІ**

Бекежан көп-ау дәмелі,  
Махаббат көптің әлегі.  
Төлеген болғым келмейді,  
Сансызбай болсам кәделі.

Қыз Жібектен де сұлусың,  
Ақынның өлең дәлелі.  
Сыпайылығың жанымның,  
Жылуы және жан емі.

Орамал таққан қазақ қыз,  
Бар сұлудан да әдемі.

**ДЕНСАУЛЫҚ**

**ТУБЕРКУЛЕЗДЕН сақ болыңыз!**

**ТУБЕРКУЛЕЗ – НАУҚАС АДАМНАН САУ АДАМҒА ЖӨТЕЛГЕНДЕ, ТҮШКІРГЕНДЕ, СӨЙЛЕГЕНДЕ АУА ТАМШЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖҰҒАТЫН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ.**

Туберкулездің мынадай белгілерін білу маңызды:  
-жөтелдің 2 аптадан асуы;  
-салмақ пен тәбеттің төмендеуі;  
-тершендік;  
-кеуденің ауруы;  
-дене температурасы көтерілуінің ұзаққа созылуы;  
-әлсіздік, тез шаршау;  
-қан аралас қақырықтың бөлінуі.  
Халықаралық стандарттарға негізделген туберкулезді диагностикалау және оны емдеудің жаңа жедел әдістері әр азаматқа тегін!  
Егер Сіз оқу мекемесінде оқысаңыз, жыл сайын туберкулезге флюорографиялық тексеруден өтініз.  
Егер дүниеге бала әкелсеңіз, перзентханадан шыққаннан кейін бір ай ішінде міндетті түрде флюорографиялық тексеруден өтініз.  
Егер Қазақстанға уақытша тұруға келсеңіз, оның ішінде жұмыс миграциясы бойынша, туберкулезге флюорографиялық тексеруден өтініз.  
Егер сіздің ұзақ уақыт тұратын жеріңіз болмаса, туберкулезбен ауыру мүмкіндігіңіз жоғары, сондықтан жыл сайын туберкулезге флюорографиялық тексеруден өтініз.  
Егер сіздің жөтеліңіз екі аптадан асса және жоғарыда аталған белгілерді байқайтын болсаңыз жедел түрде кез келген аймақтық медициналық мекемеге жүгініңіз.

**Г.Г. УФИМОВА,**  
Бостандық аудандық ТҚҚБ жетекшісі маманы

**Опасно для здоровья!**

**Коклюш — острое инфекционное заболевание, сопровождающееся воспалительными явлениями в верхних дыхательных путях и приступообразным спазматическим кашлем. Наиболее часто заражаются не привитые дети в возрасте до 5 лет, причем особенно опасен коклюш для детей первого года жизни. Микроб передается воздушно-капельным путем (при кашле, чихании, разговоре) при тесном общении и с больным человеком. Заболевание очень заразное.**



Заболевание начинается постепенно. Незначительно поднимается температура тела, начинается насморк и сухой кашель. Кашель постепенно нарастает по силе и длительности и переходит в спазматический. Приступы судорожного кашля могут возникать в любое время суток, но чаще всего — в ночное время и под утро.

Самое частое осложнение коклюша — это пневмония, бронхит, плеврит отит, ложный круп.

На сегодняшний день самой эффективной мерой борьбы с коклюшем считается введение АБКДС-вакцины, внесенной в обязательный календарь прививок.

При выявлении ребенка, больного коклюшем, в организованных детских дошкольных учреждениях вводится карантин на 2 недели для ранее не привитых и не переболевших коклюшем детей в возрасте до 7 лет.

**Н.К. КАЗЫБАЕВА,**  
главный специалист Бостандықского РУЗПП

# БІЛІКТІЛІК ДИПЛОМЫ БАР ЖАСТАР ЛЕГІ ТОЛЫҚТЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Механика-математика факультетінде оқу қиын болғанымен, қоғамда белсенді, өнер мен білімді қатар игеріп, салауатты өмір салтын ұстанып жүрген жастар көптеп саналады. Мысалы, спорттан қалалық, республикалық, Азия көлеміндегі самбо, дзюдо, волейбол, қол күрес жарыстарынан топ жарып, жүлделі орындар алып жүрген студенттеріміз біршама.

Университеттік деңгейде студенттердің «Сұңқар» кәсіподағы өткізген «Сұңқар кубогы-2016» қазақша көңілді тапқыштар клубы ойындарында біздің факультеттің КТК құрама командасы жүлделі 3-орын алып, Шарын шатқалына жолдама жеңіп алған болатын. Жыл сайын университет бойынша өткізілетін «Студенттік көктем» сайысында барша факультеттер арасынан ән, би, күй сайыстарынан бірінші орын алып, қорытынды есеп бойынша суырылып алға шыққан да – біздің механика-математика факультеті. Талантты студенттеріміз бұл жетістіктерін «Ана тілі аруы», «Жігіт сұлтаны» жарыстарында да, қалалық университеттер арасындағы додаларда да жалғастырды.

Университет қабырғасында өтіп тұратын дәстүрлі өнер сайыстарында эстрада номинациясы бойынша әрқашан үздік шығып жүрген, ал биыл «Есептеу техникасы және программалық жабдықтау» мамандығы бойынша «Техника ғылымдарының магистрі» дәрежесін алып отырған мақтанышымыз – Арыстанбек Әсет республикалық «Қазақстан» телеарнасы ұйымдастырған байқауда жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, «Алау» тобының құрамына енді.

Биылғы жылдың ерекшелігі – Ауғанстаннан келген екі жас Аймал Раса Гулам Хазрат пен Джоя Хаджи Ахмад өз елдерінде ҚазҰУ дипломымен қызметке орналасып, біліктіліктерін

танытпақ. Олар болашақта біздің ұлағатты ұстаздарымыздың еңбегін ақтап, университетіміздің жақсы атын асқақтатады деп сенеміз».

Деканның кіріспе сөзінен кейін сахнаға әрбір мамандық бойынша бітірушілерге диплом тапсыру үшін мамандандыру пәндерін оқытатын кафедралардың ұстаздар қауымы шақырылып отырды. Арасында өнерпаз жастар тамылжыта ән салып, мың бұрала би билеп, кештің көркін қыздырды. Әрбір мамандықтың жаңа иелері ұстаздарымен, факультет басшыларымен, куратор-эдвайзерлерімен топтасып естелік фотоға түсуді де ұмытпады.

Дипломдар дәстүр бойынша бірінші кезекте магистрлерге, одан кейін бакалаврларға тапсырылды. Мемлекеттік аттестациялық комиссиялардың шешімімен оқу жоспарларының барлық талаптарын орындап шыққан бес жүзден аса талантты жас жоғары және жоғары кәсіби білім алып, магистр немесе бакалавр дипломын иеленді. Атап айтсақ, «Математика» мамандығы бойынша 33 түлек, «Информатика» мамандығы бойынша 19 түлек, «Механика» мамандығы бойынша 11 түлек – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, «Ғарыштық техника және технологиялар» мамандығы бойынша 7 түлек, «Есептеу техникасы және программалық жабдықтау» мамандығы бойынша 19 түлек, «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша 12 түлек, «Математикалық және компьютерлік моделдеу» мамандығы бойынша 12 түлек, «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша 21 түлек – техника ғылымдарының магистрі, «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша 4 түлек – әскери ғылымдар магистрі дәрежесіне лайық деп танылды.

Бакалавриат білім беру сатысын тәмамдаған студенттердің арасында «Механика» мамандығы бойынша 47 студент, «Математика» мамандығы бойынша 40 студент, «Информатика» мамандығы бойынша 37 студент – «Жаратылыстану бакалавры» академиялық дәрежесін, ал «Ғарыштық техника және технология» мамандығы бойынша 4 студент, «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша 50 студент, «Математикалық және компьютерлік модельдеу» мамандығы бойынша 73 студент, «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша 126 студент – «Техника және технология бакалавры» академиялық атағына ие болды.

Ұстаздар ұжымы атынан сөз алған ақпараттық жүйелер кафедрасы менгерушісінің міндетін атқарушы, техника ғылымдарының докторы, профессор У.Ә. Төкеев мырза: «Құрметті түлектер, бүгін сіздер үшін маңызды да

ерекше күн. Себебі тек студенттік шақпен қоштасып қана қоймай, үлкен өмірге жолдама алып отырсыздар. Шын жүректен құттықтап, ақ жол тілейміз. ҚазҰУ түлегі – еліміз бен сүйікті университетінің абыройын жоғары алып жүретін білікті тұлға. Сіздердің әрқайсыныңың университет қабырғасында өткізген 4 немесе 6 жыл ішінде жан-жақты маман иесі болып шығуларыңыз үшін факультеттің оқытушы-профессорлары мен кафедра қызметкерлері аянбай тер төкті. Ұстаздарыңыздың еңбегін ақтайсыздар деп сенім білдіреміз, үлкен үміт артамыз!» – деді.

Қызығы мол студенттік шақтың бақытты сәттерін еліміздің көшбасшы оқу орны – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткізген бітірушілер механика-математика факультетін бітіріп, оның түлегі атанудың өзі үлкен қуаныш екенін жасырмады. «Студенттердің жан-жақты дамуы үшін жағдай жасап, қолдау көрсеткен оқытушы-профессорлар қауымына, факультеттің деканы, профессор М.Ә. Бектемесов мырзаға алғысымыз шексіз. Білім мен ғылым нәрін берген, болашаққа шамшырақ жағып, бағыт-бағдар көрсеткен ұстаздарға мың алғыс!» – дейді олар.

Салтанатты кеш соңында факультетіміздің ақсақалы – ҚР ҰҒА академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, іргелі математика кафедрасының профессоры Н.Қ. Билиев түлектерге арнап: «Алар асуларыңыз, шығар шындырыңыз, бағындырар белестеріңіз көп болсын! Жасампаз еліміздің жарқын болашағын қалыптастыратын білімді де білікті, жалынды жастардың қатарында болыңыздар!» – деп жастарға ақ батасын берді.

Болат ӘБЕНОВ,  
ақпараттық жүйелер кафедрасының  
аға оқытушысы



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**  
Тілшілер: **Қаламқас АМАНҚОСОВА, Елдана ТОҚБАЙ**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 7,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды  
Тел: 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**

**Таралымы 1000 дана**  
**Тапсырыс: №457**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.